

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің І-Вице-Президенті,  
М.Куталмыш

«30» сәуір 2016 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің Президенті,

У.С. Абдибеков

2016 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХКТУ-054-2016

### Түркология ғылыми-зерттеу институтының ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Түркология ғылыми-зерттеу институтымен  
ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Түркология ғылыми-зерттеу институты  
директорының орынбасары Ж.Т.Танауова
3. Келісілді – Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-  
президент Т. Раимбердиев  
– Құқық бөлімінің басшысы А. Әбсеметов  
– Аккредитация және рейтинг орталығының  
басшысы Ж. Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2017 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2019 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2016

Қ.А. Ясауи атындағы ХКТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "10" * 01 * 2012 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "10" * 01 * 2014 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы ХКТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "30" * 12 * 2019 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "30" * 12 * 2011 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Сапа менеджментінің жүйесі ЖҰМЫС ДАНАСЫ № 62 "30" * 12 * 2016 ж.
---	--	---	--	--



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-054-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ережесі		7 беттің 2 –ші беті

## МАЗМҰНЫ

Мазмұны	2
1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Институттың мақсаты, институт қызметтері	4
6. Ғылыми бөлімдер	5
7. Өзгерістерді енгізу тәртібі	5
8. Келісу, сақтау және тарату	5
9. Танысу парағы	6
10. Өзгерістерді тіркеу парағы	7



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-054-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ережесі		7 беттің 3 –ші беті

## 1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

- 1.1 Бұл ереженің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, қызметтерін, органдарымен қатар тәртібі мен негіздерін белгілеу болып табылады.
- 1.2 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының мақсатын, қызметтерін, құрылымымен қатар тәртібі мен негіздерін қамтиды.
- 1.3 УЕ-ХҚТУ-054-2016 институт ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- Түркология ғылыми-зерттеу институтын ашу туралы 01.09.2001 ж. № 1/477 бұйрығы
- Түркология ғылыми-зерттеу институтының ережесін бекіту туралы Университет Сенат мәжілісінің (28.XII.2016 ж. №3) шешімі;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Ғылыми семинар ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

- Институт: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институты;
- Институт директоры: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті; Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры;
- Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- Президент: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Президенті;
- Басқару кеңесі (ғылыми кеңес): Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институты Басқару кеңесі (ғылыми кеңесі) мағынасын білдіреді.

## 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат мәжілісінде талқыланады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті президентімен бекітіледі және ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президентпен келісіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент қадағалайды.



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХКТУ-054-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ережесі		7 беттің 4 –ші беті

## 5. ИНСТИТУТ МАҚСАТЫ, ИНСТИТУТ ҚЫЗМЕТТЕРІ

**Институттың негізгі мақсаты** – ғылым, білім және өндірістің тығыз ықпалдастығы негізінде университеттің зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамытуға үлес қосу;

– түркі мәдениетінің сабақтастығы: түркі халықтарының дүниетанымы мен тарихын, тілі мен әдебиетін, түркология ғылымының қалыптасу кезеңдерін, археологиялық мәдениеттердің сабақтастығын, тілдік байланыстарды, түркология ғылымының қалыптасу кезеңдерін теориялық-әдістемелік аспектілерін зерттеу.

### **Институттың қызметтері төмендегідей:**

- 5.1 Гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;
- 5.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін Thomson Reuters және Scopus компанияларының базаларындағы индексі нөлден жоғары импакт-факторлы ғылыми басылымдарда жариялау;
- 5.3 Ғылыми кеңестің ұсынған проблемаларына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, өзге де отандық және шетелдік ғылыми орталықтармен өз жұмыстарын үйлестіру;
- 5.4 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үрдістеріне басшылық ету, қорытынды нәтижелерін жоғары деңгейге жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді әдістемелерін енгізу, ғылыми кадрларды даярлауға, жас ғалымдардың ғылыми-шығармашылық жағынан өсіп, жетілуіне тұрақты түрде көңіл бөлу;
- 5.5 Институттың алдына қойған маңызды проблемалары бойынша пікірталас ұйымдастырып, конференция, конгресс, семинарлар және кеңестер өткізіп тұру;
- 5.6 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін насихаттау мақсатында еңбектерді топтап, қажет дегендерін бастырып, таратып отыру;
- 5.7 Шетелдік іргелі ғылыми-зерттеу институттарымен байланыс орнату, түркологияға қатысты қолжазбалар мен материалдарды орталыққа алдыру, Институт архив қорында сақталған араб-парсы, қазақ тілдерінде жазылған қолжазбалармен жұмыс жүргізу; шағатай, араб, парсы тілдеріндегі көне қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптардың ғылыми сипаттамасын дайындау және оларды зерттеу нысанына айналдыру;
- 5.8 Институт ғылыми-зерттеу жұмыстарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етіп, экспедиция мен жолсапар қаржысымен қамтамасыз ету.
- 5.9 Түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиеті, тарихы мен этнографиясы, тілі, діні, фольклорлық туындылары мен шежіресін, қоғам және өнер қайраткерлерінің рухани мұраларын жинақтау, насихаттау, оларды бүгінгі заман талабына сай қарастыру, түркі халықтарының болмыстық, рухани т.б. барлық құндылықтарын кешенді түрде зерттеу;
- 5.10 Әлем түркологтарының басын қосу мақсатында және бүгінгі таңдағы түркологияның өзекті мәселелерін айқындап отыру үшін Халықаралық Түркология конгресін 2 жылда бір рет өткізіп тұру;
- 5.11 Екі айда 1 рет шығатын халықаралық Түркология журналын үзбей шығарып отыру, журналды импакт-факторлы журнал деңгейіне шығару;
- 5.12 Халықаралық, республикалық, аймақтық ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, өз зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстырып отыру;



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-054-2016
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Түркология ғылыми-зерттеу институтының ережесі		7 беттің 5 –ші беті

## 6 ҒЫЛЫМИ БӨЛІМДЕР

- 6.1 Институт директорының ұсынысы және Басқару Кеңесінің (Ғылыми кеңестің) бекітуімен институттың зерттеу, жоба, оқыту т.б. жұмыстарын іске асыру мақсатында Ғылыми бөлімдер (секторлар) құрылады. Бұл бөлімдер белгіленген мақсаттарға сәйкес топ арасынан тағайындалатын төрағаның жауапкершілігі шеңберінде тұрақты немесе белгілі бір мерзім көлемінде қызметтерін атқарады.
- 6.2 Ғылыми бөлімдер (секторлар) институт директоры алдында жауапты. Әр жылдың аяғында Институт директорына атқарылған қызметтері туралы жазбаша түрде есеп береді.
- 6.3 Институт директорының ұсынысы мен Басқару кеңесінің (Ғылыми кеңестің) бекітуімен қызмет мерзімі аяқталған немесе қажеттілігі қалмаған қызметкерді тоқтата алады.

## 7 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 7.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.
- 7.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» (Қосымша Б) тіркелуі тиіс.

## 8 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 8.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.
- 8.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі институт директорына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі тұлғаларға жіберіледі: Вице-президенттер, факультет декандарына, кафедра меңгерушілері мен оқытушы-профессорлар құрамына.
- 8.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы Аккредитация және рейтинг орталығына сақтауға беріледі.

### КЕЛІСІЛДІ:

Ғылыми және инновациялық істер  
жөніндегі вице-президент



Т.Раимбердиев

Құқық бөлімінің басшысы



А.Әбсеметов

Аккредитация және рейтинг  
орталығының басшысы



Ж.Дарибаев